**Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау**
**және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика**
**бюросы басшысының**
**2023 жылғы 24 шілдедегі**
**№ 11 бұйрығына 2-қосымша**
Приложение 2 к приказу Руководителя Бюро
национальной статистики Агентства по стратегическому
планированию и реформам Республики Казахстан
от 24 июля 2023 года № 11
**Қазақстан Республикасы**
**Ұлттық экономика министрлігі**
**Статистика комитеті төрағасының**
**2020 жылғы «24» қаңтардағы**
**№ 9 бұйрығына 14 – қосымша**
Приложение 14 к приказу
Председателя Комитета по статистике Министерства
национальной экономики Республики Казахстан
от «24» января 2020 года № 9

**«Электрондық коммерция туралы есеп» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (индексі Э-коммерция, кезеңділігі жылдық)**

Инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет об электронной коммерции» (индекс Э-коммерция, периодичность годовая)

| | |
|---|---|
| 1. Осы Нұсқаулық «Электрондық коммерция туралы есеп» (индексі Э-коммерция, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.<br>2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:<br>1) бөлшек сауда – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзгедей пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;<br>2) көтерме сауда – кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзгедей пайдаланумен байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;<br>3) электрондық коммерция – электрондық саудадағы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатудағы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет;<br>4) электрондық сауда алаңы – электрондық саудаға қатысушыларды инфрақұрылыммен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды | 1. Настоящая Инструкция детализирует заполнение статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет об электронной коммерции» (индекс Э-коммерция, периодичность годовая) (далее – статистическая форма).<br>2. В настоящей Инструкции используются следующие определения:<br>1) розничная торговля – предпринимательская деятельность по продаже покупателю товаров, предназначенных для личного, семейного, домашнего или иного использования, не связанного с предпринимательской деятельностью;<br>2) оптовая торговля – предпринимательская деятельность по реализации товаров, предназначенных для последующей продажи или иных целей, не связанных с личным, семейным, домашним и иным подобным использованием;<br>3) электронная коммерция – предпринимательская деятельность в электронной торговле, а также продаже услуг, осуществляемая посредством информационно-коммуникационных технологий;<br>4) электронная торговая площадка – интернет-ресурс, обеспечивающий |

| | |
|---|---|
| пайдалана отырып, олардың арасында жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған шарттар жасасуды қамтамасыз ететін интернет-ресурс;<br>3. «А» модулін Интернет желісі арқылы тауарлар мен қызметтерді өткізуді жүзеге асыратын ұйымдар толтырады.<br>7-бөлімде барлық тапсырыстар бойынша тек қана меншікті интернет ресурсы (қосылған құн салығынсыз) арқылы алынған тауарларды өткізу көлемі көрсетіледі, бұл ретте осы көлем 5-бөлімнің көлеміне тең болуы тиіс.<br>Тауарлар және көрсетілген қызметтерді өткізу көлемі ақшалай және ақшасыз есеп айырысу үшін сатылған тауарлар, өнімдер және көрсетілген қызметтер үшін алынған ақшалай түсім сомасын сипаттайды.<br>Тұтынушының оған өнімнің, тауардың белгілі бір түрі мен сапасын әзірлеу, жеткізу, сату немесе жұмысты орындау, қызмет көрсету туралы ұсынысы тапсырыс деп саналады. Бір тапсырыс бір немесе бірнеше тауарды сатып алуды қамтиды.<br>8-бөлімде меншікті Интернет-ресурс арқылы ақылы негізде көрсетілген қызметтер ғана көрсетіледі. 9-бөлімде меншікті Интернет-ресурсқа келіп түскен қызметтерге тапсырыстар саны көрсетіледі.<br>4. 10, 11 - бөлімдерде - сұраққа жауап бере отырып, жауап тиісті торда «√» белгісімен көрсетіледі (бірнеше жауап нұсқасы болуы мүмкін).<br>10-бөлімде тауарлар мен қызметтерді өткізу кезінде пайдаланылатын төлем тәсілдері көрсетіледі.<br>11-бөлімде тауарларды жеткізудің пайдаланылатын тәсілдері көрсетіледі.<br>5. «В» модулін тауарларды немесе қызметтерді өткізу және жолаушыларды тасымалдау үшін, ақпараттық сүйемелдеу ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыратын электрондық коммерция платформасының (маркетплейстің) ұстаушылары толтырады.<br>12-тармақта есепті кезеңде тауарлар мен қызметтерді өткізуді жүзеге асыратын тіркелген заңды және жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.<br>13, 14-тармақта тауарларды сатып алушылар төлемдерінің көлемі мен тапсырыстар саны туралы ақпарат көрсетіледі.<br>15, 16-тармақта электрондық коммерция платформасы (маркетплейс) арқылы көрсетілген қызметтер бойынша тапсырыстардың жалпы құны мен тапсырыстар саны туралы ақпарат көрсетіледі.<br>6. «С» модулін жолаушыларды тасымалдау қызметтерін ұйымдастыру, ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын электрондық коммерция (маркетплейс) платформасының ұстаушылары толтырады.<br>7. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) | инфраструктуру участникам электронной торговли, в том числе заключение договоров между ними на оказание работ и услуг с использованием информационно-коммуникационных технологий.<br>3. Модуль «А» заполняют организации осуществляющие реализацию товаров и услуг через сеть Интернет.<br>В разделе 7 отражается объем реализации товаров, полученный по всем заказам только через собственный Интернет-ресурс (без налога на добавленную стоимость), при этом данный объем должен быть равен объему в разделе 5.<br>Объем реализации товаров и услуг характеризует сумму денежной выручки, полученной за проданные товары, продукцию и оказанные услуги за наличный и безналичный расчет.<br>Заказом считается предложение потребителя изготовить, поставить, продать ему продукцию, товар определенного вида и качества или выполнить работу, оказать услуги. Один заказ включает покупку одного или нескольких товаров.<br>В разделе 8 указываются только услуги, оказанные через собственный Интернет-ресурс, на платной основе. В разделе 9 указывается количество заказов на услуги поступившие на собственный Интернет-ресурс.<br>4. В разделах 10, 11 – отвечая на вопрос, ответ указывается в соответствующей клетке знаком «√» (возможно несколько ответов).<br>В разделе 10 указываются используемые при реализации товаров и услуг способы оплаты.<br>В разделе 11 указываются используемые способы доставки товаров.<br>5. Модуль «В» заполняется держателями платформы электронной коммерции (маркетплейс), осуществляющие деятельность по организации, информационного сопровождения для реализации товаров или услуг и перевозки пассажиров (по списку).<br>В пункте 12 указываются зарегистрированные юридические и физические лица, которые осуществляют реализацию товаров и услуг электронной торговой площадки за отчетный период.<br>В пункте 13, 14 отображается информация об объеме платежей покупателей товаров и количестве заказов.<br>В пункте 15, 16 через платформу электронной коммерции (маркетплейс) отображается информация об общей стоимости заказов и количестве заказов на оказанные услуги.<br>6. Модуль «С» предназначен для держателей платформы электронной коммерции (маркетплейс) осуществляющие деятельность по организации, информационного сопровождения перевозки пассажиров (по списку).<br>7. Представление данной статистической формы осуществляется в электронном виде или на бумажном носителе. Заполнение статистической формы в |

| | |
|---|---|
| орналастырылған «Респонденттің кабинеті» арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.<br>Ескертпе: Х – аталған позиция толтыруға жатпайды. | электронном виде осуществляется через «Кабинет респондента» (https://cabinet.stat.gov.kz/), размещенном на интернет–ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, в режиме он-лайн.<br>Примечание: Х – данная позиция не подлежит заполнению. |